


# Ержүрек сардардың рухына тағзым

2022 жылғы қаралы қаңтарда ел басына күн тұғанда, мемлекеттілікке қауіп төнген сын сағатта сыр бермей, жанқиярлық ерлік көрсетіп, қаза тапқандардың бірі - Ақжайық ауданының тумасы, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, подполковник Сәндібек Қайыров. Ержүрек сардардың (офицердің) рухына тағзым ретінде Ақжайық ауданының басшылығы биыл үшінші рет еркін күрестен облыстық ашық турнир ұйымдастыруға ұйытқы болды. Осыдан бірер күн бұрын аяқталған жарыста 2005-2015 жылдары өмірге келген ұл балалар белдесті. Ашық турнир болғасын аталмыш сайысқа облыс аудандары мен Орал қаласының өкілдеріне қоса, Ресейдің Дағыстан, Чувашия, Мордовия, Удмуртия Республикалары мен Ульяновск, Новотроицк қалаларының, сондай-ақ еліміздің Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарының спортшылары да қатысты.



Сайыстың ашылу салтанатына Ақжайық аудандық мәслихатының хатшысы Сәлімгерей Сиражев, Сәндібек Қайыровтың ата-анасы Ғалимолла мен Жұмағаным Қайыровтар, облыстық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Мадияр Құрманғалиев, сондай-ақ БҚО әуе-десанттық әскері мен арнайы мақсаттағы әскерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марлен Ығылманұлы қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Көрермен қауым қай-қай команданың да жарысқа тыңғылықты дайындықпен келгеніне куә болды. Бозкілемде намысты қолдан бермеу үшін барын салған өрендер еркін күрестің небір әдемі әдіс-тәсілдерін көрсетіп, жиылған жұрттың қошеметіне бөленді. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері

диплом, медаль және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Ел бірлігіне қауіп төндірген қарулы қаскөйлерге қасқая қарсы тұрған ержүрек сардар Сәндібек Қайыров Жайық ауылында көпбалалы отбасында жарық дүниеге көрінген. Ол оқушы кезінен-ақ офицер болуды армандаған. Талапты жас өрен 1996 жылы 8-сыныптан соң Шымкент қаласындағы республикалық әскери мектеп-интернатқа қабылданады. Әскери мектепті тәмамдаған соң Алматыдағы Совет Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, генерал Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтына оқуға түседі. Офицер шенін алған соң

жас лейтенант Қайыров көп ұзамай Астанадағы ұлттық қорғаныс университетінде білімін жетілдіріп, біліктілігін арттырады. Еліміздің Қарулы күштерінің қатарында ақжайықтық азамат взвод командирінен десанттық-шабуылдау бригадасы командирінің орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Қасиретті қаңтардың қауіп-қатерге толы күндерінде әскери антынан айнымаған азаматтың ерлігі мен батылдығы өскелең ұрпаққа өшпес өнеге.

**Нұрбек ИХСАН,**  
Ақжайық ауданы



**Марат ЫҒЫЛМАНОВ,**  
Ақжайық аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры:

Ержүрек жерлесіміздің ерлігі жұрт жадында жатталуы да, сақталуы да тиіс. Жас ұрпаққа оның ерлігін ұлықтау, насихаттау - бізге міндет. Келесі жылы жарыстың ауқымын кеңейтіп, республикалық деңгейде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл турнирге республикалық мәртебе беру оған қатысқан спортшылар арасында спорт шеберіне үміткер атағын сарапқа салуға мүмкіндік береді. Осы жарысты ұйымдастыруға атсалысқан Сәндібек бауырымыздың достарына, әріптестеріне алғысымыз шексіз.



**Тағыр ШАХБАНОВ,**  
дағыстандық бапкер:

Бұл сайысқа екінші мәрте қатысып отырмыз. Осыған дейін әріптесім келіп жүрді, биыл қазақ елінің батырына құрмет көрсету мақсатында арнайы келдім. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Осыншама көп спортшы қатысады деп күтпедім. 300-ге жуық жасөспірім палуан қатысып, бозкілемнің шаңын қақты.

Біз бауырлас халықпыз, өзін жаттықтыратын балаларға бір-бірінмен жақын араласындар, әр ел, әр халықтың салт-дәстүрін сыйлаңдар, қарсыластарыңа құрметпен қараңдар деп әрдайым айтып отырамын. Мәнінше, осындай бағыттағы тәлім-тәрбие спортшылар арасындағы ынтымақты және халықтар достығын нығайтады.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ99УР00070442 күшігі берілген

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral\_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:  
Бас редактор Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН  
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,  
Гүлсезім БИЯШЕВА  
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас редактордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.  
Бас редактор 51-25-80.  
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.  
Жауапты хатшы 54-38-22.  
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.  
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru  
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.  
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.  
А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.  
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46  
Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 10985  
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар:  
**Н. СҰЛТАНОВА, Г. ҚОЛҒАНАТОВА**  
Кезекші редактор: **Г. ӘЖІГЕРЕЕВА**



zhaikpress.kz

## Еске алу



Аяулы жар, ардақты ана, қимас бауыр, үлгілі келініміз **Құралай Жеңісқызы** арамызда болса, 20 маусым күні 50 жасқа толар еді. Сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне бір жыл болды. Келінімізді сағына еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Шаңырақтағы шаттығым, бар байлығым,  
Атаң үшін жүгірдің алмай тыным.  
50 жасқа толар ең бар болғанда,  
Сағынып еске аламыз сені бүгін.

Шақырдым ағайынды-тумаларды,  
Достарың, құрдастарың келді бәрі.  
Бәріміз сағынамыз сені еске алып,  
Шүкір Алла артыңда ізің қалды.

**Сағына еске алушылар: ата-енесі, жұбайы, балалары, ағайын-туыс, бауырлары**

«Жайықмұнай» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес, 2024 жылғы 22 шілде сағат 12:00-де Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Сұлукөл ауылы, Сұлукөл ауылдық клубы, Достық көшесі, 14-мекенжайы бойынша «2024 жылға «Жайықмұнай» ЖШС-ның қоршаған ортаға әсер етуіне рұқсат алу өтінімі материалдарына өзгерістер енгізу (2024 жылдың 20 тамыздан 31 желтоқсанға дейін)» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz) бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде немесе Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қызметкері [tabigat\\_zko@mail.ru](mailto:tabigat_zko@mail.ru); [zmuradimov@gmail.com](mailto:zmuradimov@gmail.com) электрондық поштаға қабылдайды.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Орал қаласы, А. Карев көшесі, 43/1 мекенжайы және 8 (7112) 93 39 00 (қосымша 6195) телефондары бойынша алуға болады.

«Жайықмұнай» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес, 2024 жылғы 23 шілде сағат 10:00-де Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Белес ауылы, Белес ауылдық клубы, Мәметова көшесі, 1-мекенжайы бойынша «2024 жылға «Жайықмұнай» ЖШС-ның қоршаған ортаға әсер етуіне рұқсат алу өтінімі материалдарына өзгерістер енгізу (2024 жылдың 20 тамыздан 31 желтоқсанға дейін)» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz) бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде немесе Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қызметкері [tabigat\\_zko@mail.ru](mailto:tabigat_zko@mail.ru); [zmuradimov@gmail.com](mailto:zmuradimov@gmail.com) электрондық поштаға қабылдайды.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Орал қаласы, А. Карев көшесі, 43/1 мекенжайы және 8 (7112) 93 39 00 (қосымша 6195) телефондары бойынша алуға болады.